

# Үй жұмысы

1. Шоқан – .....
2. Шын аты – .....
3. 1853 жылы .....
4. 1856 жылы .....
5. 1857 жылы .....
6. 1861 жылы .....
7. 1865 жылы .....
8. Шоқанның орыс достары .....

## **Сабақтың мақсаты:**

- А) Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайлы қысқаша мәлімет, әңгімелерінің қысқаша мазмұнын, негізгі тақырыбын түсіндіру;
- Ә) Оқушының ауызша және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, ақын көзқарасын білу;
- Б) Оқу білімнің, еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге ықпал жасау.

**Сабақтың түрі :** жаңа сабақ (танымдық сабақ)


**Сабақтың әдіс – тәсілі:** сын тұрғысынан ойлау, ой қозғау, топтастыру, салыстыру, сипаттау. БЖС технологиясы

**Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру.
2. Үй жұмысын тексеру.



# Ыбырай Алтынсарин (1841 - 1889)



1. Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны және прозалық шығармаларына шолу.



*Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, аса көрнекті педагог, тұңғыш оқулық авторы. Ол өзінің ақын – жазушылық, педагогтік зор талантын жас ұрпақты жаңаша оқытып, тәрбиелеуге жұмсады. Жаңа үлгідегі мектептер ашуға тырысты.*

*Ыбырай 1841 жылы қазан айында қазіргі Қостанай облысында дүниеге келеді. Үш – төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожя бидің қолында өсіп, тәрбиеленеді.*

*Атасы атақты би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді кісі болған.*

*Балғожя немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс – қазақ мектебіне күнібұрын жаздырып қояды. Атасының ондағы мақсаты – оқытып, немересін сауатты адам етіп шығару еді.*

*Мектеп ақыры 1850 жылы ашылып, тоғыз жасар Ыбырай оған қабылданады. 1857 жылы оқуын “өте жақсы” деген бағамен бітіріп шығады. 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады.*

*Ыбырай енді өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Ол азартушылықты таңдайды. 1860 жылы Ыбырай Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта Ыбырай халыққа мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады.*

*Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. “Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім,” – деп жазады ол профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында.*

*Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады.*

*Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды.*

*1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады.*

*Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын оқу орнын ашуды да қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды.*

*Мәдениетті, терең ойлы, адамгершілік қасиеті мол Ыбырай орыс зиялыларының арасында өте беделді, сыйлы болған. Олар Ыбырайды “кемеңгер кісі” деп бағалады.*

*Ыбырай мазмұны балалардың білімін көтеретін, әрі оқуға қызықтыратын кітаптарды көбірек басып шығару керек деп білді. Өзі 1879 жылы Орынборда “Қазақ хрестоматиясын” бастырып шығарды. Осы күнге дейін зор ынтамен оқылатын бұл тамаша оқу құралы балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме – новеллалардан құрастырылды.*

*Ыбырай “Өнер – білім бар жұрттар” атты өлеңінде оқудың, ғылым – білімнің пайдасы жайында бір оқығанда жаттап алатындай қызықты етіп баяндайды. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына өркениетті елдерді үлгі етіп көрсету.*

*Өнер – білім бар жұрттар*

*Тастан сарай салғызды.*

*Айшылық алыс жерлерден*

*Көзіңді ашып, жұмғанша,*

*Жылдам хабар алғызды.*

*Келешекке сенімі мол ақын өмірді көркейтуші, өркениетті болашақтың иесі – жастар, ал жастардың көркі – білім, мәдениет деп ұқты.*

*Ыбырайдың “Өзен”, “Жаз” деген өлеңдері табиғат көріністерін суреттеуге арналған. Мұндай тұтас пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. Табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбегіне, жан дүниесіне тигізер игі әсерін бейнелейді.*



*Ыбырайдың бұл өлеңдері арқылы қазақтың жазба әдебиетінде шынайы табиғат лирикасының негізі қаланды.*

*Еңбек сүю және еңбек адамын ардақтау – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы нақты мысал, үлгі арқылы көрсетеді. Әңгімелері көлемінің шағын, мазмұны қызық, тартымды, тілі жатық болуымен ерекшеленеді. Осы қасиеттері арқылы Ыбырай әңгімелері бүгінгі оқырманды да қызықтырып келеді.*

*“Әке мен бала” әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады.*

*Әкесі он жасар баласын ертіп келе жатып, жолда қалған бір ескі тағаны көреді. Баласына: “Тағаны ала жүр”, - дейді. Бала: “Сынып қалған ескі тағаның не керегі бар”, - деп, алмайды. Әкесі жерден тағаны өзі көтеріп алады да, оны қаланың шетіндегі темірші ұстаға үш тиынға сатады. 3 тиынға бірталай шие сатып алады. Шиені өзі бір – бірлеп жеп келе жатып, бір талын жерге түсіріп алады. Соңынан келе жатқан баласы түскен шиені жалма – жан жерден алып, аузына салады. Мұны көрген әкесі жерге бір – бірлеп шие тастап, жүрісін жалғастырады. Ал бала қайта – қайта еңкейіп, жерге түскен шиені теріп жеп келе жатады. Соңында әкесі тоқтап, баласына шие ораған орамалын беріп тұрып: “Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің, бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң. Көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың”, - дейді.*

*Мұндай жағдайлар өмірде аз кездеспейді және ол – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың еріншек, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген. Ұлы ұстаз осындай әңгімелерінің бәрін де балалар үлгі алсын деген ниетпен жазған.*



*“Бақша ағаштары”. Әңгімеде бір кісінің өзінің баласымен бақша аралап жүріп, егілген ағаштардың әртүрлі болып өскеніне назар аударғаны туралы сөз болады. “Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық?” – деп сұрайды баласы. “Ата – ананың тілін алсаң, ана ағаштай түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болп өсерсің”, - дейді атасы. “Олай болса, бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой”, - дейді баласы. “Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ шырағым. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің”, - дейді әкесі.*

*Ыбырай бұл әңгімесінде тәрбиенің үлкен рөл атқырытынын, бала неғұрлым кішкентайынан жақсы тәрбиеленсе, соғұрлым жақсы болатынын өмірден алынған мысал арқылы нанымды, әсерлі етіп көрсеткен.*

*“Талаптың пайдасы” деген шағын әңгімесінде Ыбырай адамның, әсіресе жастардың мақсаттарына жетудегі талаптың атқаратын рөлі жайында сөз етеді. Талап етіп талпынбаса, адам мақсатына жете алмайды. “Талапты ерге нұр жауар” деген халық мақалы өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ – жігер – қайраттың мол кезі, бойдағы жақсы қасиеттерді жарыққа шығарып қалатын кез. Ол үшін талап керек. Талаптан да, өмірден керегіңді ал. Олай етпесең, кеш болады - өкінесің. Әңгіменің түпкі идеясы – осы.*

*Бұған орыстың Петр патшасына қатысты бір оқиғаны мысалға келтіреді. I Петр патша шіркеуге барып, зибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көреді. Қасына келіп, не салып жатқанын сұрайды. Бала: “Сіздің суретіңізді салып жатырмын!” – дейді. Қараса – онша тәуір сурет емес екен. Бірақ ақылды патша баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала атақты суретші болады.*

*Жазушының айтпақ ойы – жас баланың талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.*

*Ыбырайдың әдеби шығармалары түгелге жуық балаларға арналған. Сондықтан жазушы шығармаларының балалардың ой – санасына, ұғымына лайықты болуын көздейді. Шығарманң баланы қызықтыратын оқиғалы, қысқа да тартымды болуына мән береді.*





(1841-1889)

## Сөздікпен жұмыс

Тілмаш-- переводчик

Тәрбиеледі- воспитал

Ағартушы- просветитель

Лайықты- достойный

Жомарттық- щедрость



*Ақын*



*Жазушы*



*Ұстаз*




*Аудармашы*



*Балалар әдебиетінің  
атасы*



*Қоғам қайраткері*



*Әңгімелерімен*



*Аудармаларымен*



*Өлеңдерімен*



*Еңбектерімен*



*Жазды*

*Мектеп  
ашты*

*Оқулық  
жазды*

*Зерттеді  
Аударды  
білім берді*

## *Цифрлар сөйлейді*

1841 ж

1850 ж


1857 ж

1864 ж

1879 ж

1879 ж





*Қостанай облысы  
Жаңбыршы ауылы*



*Ы.Алтынсариннің ең  
алғаш ашқан мектебі.*





*1879 ж “Қырғыз хрестоматиясы” атты кітабы шықты.  
Ол ең алғаш 500 сөзден тұратын*



*Ол сонымен қатар әдебиет саласымен де айналысқан.*





*Ы. Алтынсаринның Қостанай қаласындағы мұражайы*





# Тест жұмысы

1. *Ы.Алтынсарин кім?*

*А) ғалым;*

*Ә) ағартушы – жазушы;*

*Б) суретші.*

2. *Ыбырайды кім тәрбиелеген?*

*А) әкесі;*

*Ә) атасы Болғожа;*

*Б) әжесі.*

3. *Өлеңдер мен шағын әңгімелерден тұратын еңбегі:*

*А) “Қазақ хрестоматиясы”*

*Ә) “Оқу құралы”*

*Б) “Жаз”*

4. *“Әке мен бала” әңгімесінің тақырыбы:*

*А) оқу – білім;*

*Ә) еңбек;*

*Б) өнер.*

# Үй тапсырмасы

Хрестоматия материалдарын пайдаланып Ыбырайдың өздеріңе ұнаған бір өлеңін жаттау, бір әңгімесінің мазмұнын айту.





*Назарларыңызға  
рахмет!*

